

ӘОЖ 81.26

ГТАХР 16.21.33

<https://doi.org/10.48371/PHILS.2025.4.79.007>

Ж. АЙМАУЫТОВТЫҢ «АҚБІЛЕК» РОМАНЫНДА «ҚОРҚЫНЫШ» ПЕН «ҚОРҒАНСЫЗДЫҚ» КОНЦЕПТІЛЕРІНІҢ ВЕРБАЛИЗАЦИЯЛАНУЫ

Искакова Г.Ж.¹, *Таңсықбай Ә.Қ.², Төлеутаева А.Ғ.³, Шарипов Р.Х.⁴

^{1,*2,3,4}Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті

Көкшетау, Қазақстан

Аңдатпа. Адамдағы психикалық процестердің тіл арқылы білдірілуін зерттеу – тіл біліміндегі өзекті бағыттардың бірі. Бұл тұрғыда жеке тұлғаның ішкі дүниесін және оның шындыққа қатынасын көрсететін эмоционалдық концептілерді зерделеу ерекше маңызға ие. Олардың ішінде «Қорқыныш» концептісі ерекше орын алады, өйткені ол қауіп-қатер, зорлық-зомбылық, белгісіздік және әлеуметтік тұрақсыздық жағдайында туындайтын негізгі, әмбебап эмоциялардың бірі болып табылады.

Бұл зерттеудің өзектілігі көркем мәтіндегі қорқыныштың вербализациясының тілдік механизмдерін анықтау және сипаттау, рөлін түсіну қажеттілігімен анықталады. Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы – осындай зерттеу үшін құнды материал. Бұл қазақ прозасындағы психологизм әдісі белсенді қолданылып, кейіпкердің ішкі жан дүниесі эмоционалды-танымдық күйлер арқылы ашылатын алғашқы туындылардың бірі. Бұл роман аясындағы «Қорқыныш» пен «Қорғансыздық» концептілерін зерттеу қазақ әдеби дәстүрі жайлы түсінікті байытып қана қоймай, көркемдік дискурстың лингвокогнитивтік талдауының дамуына үлес қосады.

Аталған мақалада «Қорқыныш», «Қорғансыздық» эмоционалдық концептілерінің аталмыш романда вербализациялануы когнитивтік-дискурсивті талдау тұрғысынан қарастырылады. Зерттеуде когнитивтік-дискурсивті, контекстік, семантикалық, статистикалық талдауды қамтитын зерттеу әдістерінің кешені қолданылған.

Талдау нәтижесінде қорқыныштың «маза кету/ діріл», «қорқыныш», «шошу/ қорқу», «мазасыздық», «қорғансыздық» сияқты субконцептілері ажыратылып, олардың тілдік бейнелеу ерекшеліктері көрсетілген. Мәтіндегі қорқыныштың вербализациясы эксплицитті және имплицитті тілдік құралдар жүйесі арқылы жүзеге асатыны анықталған.

«Қорқыныш» концептісіне тән лексемалардың сандық үстемдігіне қарамастан, шығарманың мағыналық-сюжеттік қабатын құрайтын негізгі концепт ретінде «Қорғансыздық» танылды. Бұл контексттегі қорғансыздық эмоционалдық күй ретінде ғана емес, сонымен қатар бүкіл мәтін бойынша кейіпкердің мінез-құлқын анықтайтын экзистенциалды тәжірибе ретінде көрінеді.

Ұсынылған зерттеу XX ғасыр басындағы қазақ әдебиеті шығармаларын концептуалды талдауға қатысты дерек қорын байытады. Зерттеу нәтижелерін түрлі тілдер мен мәдениеттердегі эмоционалдық концептілердің вербализациясын зерттеуге байланысты пәнаралық және салыстырмалы жұмыстарда қолдануға болады.

Тірек сөздер: концепт, вербализация, қорқыныш, қорғансыздық, «Ақбілек» романы, психологизм, үрей, лексика

Кіріспе

Тіл білімінде эмоциялардың тіл арқылы қалай көрінетінін және тілдік құралдардың эмоционалдық күйлерді қалай жеткізетінін зерттеудің дәстүрі қалыптасқан. Тілдік зерттеулерді эмоцияның психологиялық негіздерінен оқшаулау мүмкін емес. Психологиялық тұрғыдан алғанда эмоционалдық күйлер адамның мінез-құлқы мен қабылдауымен және қоршаған әлеммен әрекеттесуімен байланысында қарастырылады [1, 152-153 бб.].

Көркем әдебиет автордың дүниетанымын, эмоциясын, мәдени болмысын білдіретін концептілер жүйесіне негізделеді. Концепт дегеніміз – этномәдени санада сақталған, белгілі бір ұлттың ұрпақтан-ұрпаққа берілетін ықшам әрі терең мағыналы шындық болмыс, ұлттық мәдени құндылықтары жөніндегі сан ғасырлық түсінігін білдіретін құрылым [2, 15 б.]. Концепт теориясы қазақ тіл білімінде Н. Уәли, Ж. Манкеева, Г. Смағұлова, Қ. Жаманбаева, А. Ислам, Г. Сағидолда, Э. Оразалиева, Б. Нұрдәулетова, Г. Снасапова, Г. Шоқым, Э. Буранкулова, Б. Мұратбек т.б. зерттеушілердің еңбектерінде жан-жақты қарастырылған [3, 290 б.]. Концептінің басты белгілерінің бірі – оның мәдени реңкінің болуы. Сондықтан ол ұлттық ерекше дүниетанымды түсінуде басты компонент болып саналады [4, 37 б.]. Кейіпкердің (және қоғамның) ішкі жан-дүниесін көркем бейнелеуде психологизм әдісін шебер қолданған қаламгерлердің алғашқысы болып психология саласында кәсіби дайындығы бар Жүсіпбек Аймауытовты атауымызға болады. Оқиғаларды суреттеуге психологиялық тұрғыдан қараған автордың қаламынан 1927 жылы «Ақбілек» романы шықты. Тіл, сана, көркем ойлау тоғысқан роман концептілерді жан-жақты лингвокогнитивтік тұрғыдан зерттеуге мүмкіндік береді. Бұл тұрғыда адамның ішкі дүниесін және оның сыртқы шындыққа деген жауабын көрсететін эмоционалды концептілер ерекше мәнге ие.

Экзистенциалды және әлеуметтік тұрақсыздық жағдайында айқын көрінетін негізгі эмоциялардың бірі – қорқыныш. Оның тілдік көрінісі адамның, кейіпкердің эмоционалдық күйін реконструкциялаумен қатар, аталған сезімнің мәдени-ұлттық концептуализациясының ерекшеліктерін анықтауға мүмкіндік береді.

Қорқыныш дегеніміз – бір нәрседен жүрексініп сескенгенде, шошынғанда пайда болатын сезім; қауіп-қатер, үрей; индивидтің биологиялық не әлеуметтік тіршілігіне қатерлі жағдаяттарда туындайтын эмоция [5,

93-94 бб.]. Сезім мен эмоционалдық күйдің, атап айтқанда, «Қорқыныш» концептісінің вербализациялануы мәселесін қарастыруға көшпес бұрын, күрделі эмоционалды психикалық күй ретіндегі қорқыныштың кейбір когнитивтік-психологиялық аспектілерін қарастырған жөн.

Э.К. Изардтың ұсынған дифференциалды эмоциялар теориясы бойынша, адам алаңдауының қарқындылығына қарай эмоцияның үш түрі бар: таңғалу-шошу, қорқыныш-үрей, қызығушылық-қобалжу [6, 245 б.]. Ғалымның пікірінше, өзінің қарқындылығы бойынша қорқыныш алдын ала сезіну, сенімсіздік, қорғансыздық ретінде бастан кешіріледі. Адам бойында қауіпсіздік жеткіліксіздігі, қауіп-қатер мен келе жатқан бақытсыздық сезімі пайда болады [6, 260 б.]. Сондай-ақ қорқыныш жек көру, агрессия, ауырсыну сияқты әртүрлі эмоциялармен, яғни жағымсыз эмоциялармен немесе сүйіспеншілік, қызығушылық, таңдану сияқты жағымды эмоциялармен қосақталып жүруі мүмкін [7, 10 б.].

Қорқыныштың түрлі жіктелуі бар: 1) каузациясына (себеп-салдарлыққа) байланысты сыртқы және ішкі қорқыныш, ал нормаға сәйкес-сәйкессіздігіне қарай табиғи және патологиялық қорқыныш; 2) ұзақтық критерийі бойынша қорқыныш қысқа мерзімді күй – үрей және қорқыныш (қорқақтық, жүрексіздік деп аталатын тұрақты сипаттағы қорқыныш); 3) қарқындылық дәрежесі бойынша қорқыныш шошу/ үрку/ зәресі ұшудан (әлсіз қорқыныш) зобалаң/ топалаң/ үрейге (эмоцияның ең күшті дәрежесі) дейін ауысуы мүмкін [7, 9 б.].

Әртүрлі лексемалар мен лексемалардың әртүрлі лексика-семантикалық нұсқалары негізгі концептінің әртүрлі белгілерін вербалдандырады. Негізгі лексемалар мен синонимдерді талдау негізінде әлемнің тілдік бейнесіндегі «Қорқыныш» концептісінің өзегін келесідей көрсетуге болады:

- адам қорқып, үрейленгенде пайда болатын сезім;
- биологиялық немесе әлеуметтік қауіп жағдайында пайда болатын эмоция;
- қорқыныш адамды сақтайды, қауіп туралы ескертеді;
- қорқыныш адамның әлеуметтік дамуында әсер ету әдістерінің бірі

ретінде, мысалы, жазалаудың негізгі факторы ретінде қарастырылады. Қоғамда адам айыпталудан қорқады және айыпталу қорқынышы адамның мінез-құлқын реттейтін фактор болып табылады [8, 155 б.]. Демек қарастырылып отырған «Қорқыныш» концепциясы когнитивті-аффективті менталды құбылыс ретінде адамның басынан өткеретін қорқыныш, үрей, қобалжу т.б. сияқты бірқатар ілеспе эмоционалдық күйлерді қамтиды, олар тілдің барлық деңгейінде вербалды анықтала алады және қорқыныш концептісінің атауыштық өрісінің кеңейтілген жүйесін құрайды деп тұжырымдауға болады.

И.В. Карасик концептіні тілдік объективтендірудің таңбалау, білдіру және сипаттау сияқты үш жолын ажыратады. Таңбалау – ұғынылатын шындықтың фрагментіне ат, ерекше белгі беру. Концептіні білдіру – оның

мазмұнын тікелей немесе жанама түрде көрсететін тілдік және тілдік емес құралдардың бүкіл жиынтығы. Концептінің сипатталуы ол атаудың мағынасын түсіндіруге арналған арнайы зерттеу процедураларын қамтиды [9, 110-111 бб.]. Бұл әдістердің барлығы концептінің атауыштық өрісін қалыптастыруға бірдей қатыса алады.

З.Д. Попова мен И.А. Стернин концептінің атауыштық өрісін құрайтын және сол арқылы оның вербалдану құралы ретінде әрекет ететін тілдік құралдарды барынша нақты анықтайды. Олар: 1) концептінің тікелей атаулары; 2) концептінің туынды атаулары; 3) концепт атауларына сабақтас сөздер қызметін атқаратын лексикалық бірліктер; 4) симилярлар; 5) контекстік синонимдер; 6) окказионалды жеке-авторлық атаулар; 7) концептінің тікелей атауларына синонимдес тұрақты сөз тіркестері; 8) фразеологиялық тіркестер, 9) паремиялар (мақал-мәтелдер, афоризмдер); 10) метафоралық атаулар; 11) кілт сөзбен тұрақты салыстырулар; 12) концептілердің жекелеген белгілерін көрсететін еркін тіркестер [10, 69-71 бб.].

Көне орыс жазба ескерткіштеріндегі «Қорқыныш» концептісін грек әдебиетіндегі баламасымен салыстыра зерттеген С.А. Борисова бұл эмоцияның күрделі әрі көне, қорқыныш уәжіне қарай түрлі болатынын айтады. Мәселен, құдірет иесі, құпия мекен алдындағы қорқыныш жайлы: «фрікңө-қорқыныш – күрделі, көп қабатты эмоция. Бұл эмоцияны «Жития Василия Нового» шығармасында жұмақ бейнесі оятады», – деп жазады [11, 211 б.].

«Қорқыныш» тақырыбы жекелеген авторлардың шығармашылығында негізгі орын ала алады. Мысалы, Х.Л. Арройо-Барригете Г.П. Лавкрафттың шығармаларына статистикалық-мазмұндық талдау жасап, қорқыныш оның шығармаларының тақырыптық және бейнелік-семантикалық құрылымын анықтайтын негізгі ұғым ретінде қызмет ететінін анықтайды. Қорқыныш пен қайғы ұғымдары тығыз байланыста болып, үмітсіздік сезімін тудырады [12, 1 б.].

Осылайша, қорқыныш әдебиетте әртүрлі тілдік құралдармен берілуі мүмкін және күрделі эмоционалды құбылыс болып табылады.

Материалдар мен әдістердің сипаттамасы

Қорқыныш дүниежүзілік әдебиеттегі орталық тақырыптардың бірі болып табылады, өйткені бұл сезім өзін-өзі сақтау, өмір сүру және бейімделу сынды адамның негізгі инстинкттерімен тығыз байланысты. Ғасырлар бойы жазушылар қорқыныш тақырыбын адамның ішкі әлемін, оның сыртқы және ішкі қауіп-қатер алдындағы осалдығын ашып көрсету тәсілі, сондай-ақ психологиялық шиеленіс пен драманы күшейтетін көркем құрал ретінде қолданды. Әдеби туындылар қорқыныш арқылы жеке эмоционалдық реакцияларды ғана емес, сонымен қатар ұжымдық әлеуметтік, тарихи және мәдени жарақаттарды көрсетеді. Сондай шығармалардың бірі –

Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романы [13]. Бұл романда қорқыныш тақырыбы маңызды орын алып, кейіпкердің психологиялық портретін ашуда, сондай-ақ XX ғасырдың басына тән әлеуметтік сілкіністерді көрсетуде басты элемент қызметін атқарады. Қазақ әдебиетінде «Ақбілек» алғашқы психологиялық роман болып танылғандықтан, мәтін қорқыныш концептісінің вербализациясын талдау үшін негізгі материал ретінде таңдалды. Ішкі монологтарды пайдалану, кейіпкердің эмоционалдық күйін, сондай-ақ сыртқы және ішкі күйзелістерге психологиялық реакцияларын егжей-тегжейлі сипаттау романды көркемдік дискурстағы эмоционалдық лексиканы және қорқыныштың концептуалды үлгілерін когнитивтік-лингвистикалық зерттеудің құнды дереккөзіне айналдырады.

Зерттеуде когнитивтік-дискурсивті және контекстік талдау, тілдік бірліктерді семантикалық және статистикалық талдау әдістері қолданылды. Әдістер кешенін қолдану мәтіндегі қорқыныштың тілдік бейнеленуінің ерекшеліктерін анықтауға, оның концептуалды мазмұнын зерделеуге және романның баяндау құрылымында оның даму динамикасын қадағалауға мүмкіндік берді.


Нәтижелер мен талқылаулар

«Қорқыныш» концептісінің моделі – «толқу/ діріл», «қорқыныш», «шошу/ қорқу», «қорғансыздық» сияқты субконцепцияларды біріктіретін күрделі когнитивтік құрылым. Роман мәтініндегі «толқу/ діріл» субконцептісі келесі лексикалық бірліктер арқылы беріледі: *қапалану* (қапаста қапаланып) [13, 19 б.], *безілдеу* (шаңқ етіп безілдеп) [13, 34 б.], *дір ету* [13, 35 б.], *имену* [13, 57 б.], *қыбыржып*, *қобдилану* (Бекболат қыбыржып, қобдиланып, Жылтырға қарай берді) [13, 59 б.], *буыны дірілдеу* [13, 117 б.] т.б. Қорқыныш концептісінің құрамдас бөлігі ретінде діріл, негізінен, кейіпкерлердің физиологиялық күйін сипаттау арқылы жеткізіледі. Діріл ішкі шиеленіске, кенеттен қауіпке немесе психологиялық соққыға дененің реакциясы ретінде сипатталады. Мұндай сипаттамаларға қимыл-қозғалыс етістіктері, дененің еріксіз қимылдарының белгілері, салқындық пен шиеленістің сенсорлық сезімдері жатады. Мысалы: «*дір етпеген жүрек қалмады*» [13, 28 б.], «*жүрегі су ете түсті*» [13, 132 б.], «*көзі бажырайып, үріккен тайлақша ожсырая қалды*» [13, 132 б.], «*дір-дір етем*» [13, 146 б.], «*денем шым ете түсті*» [13, 146 б.], «*жүрегім дүрсілдеп барады*» [13, 146 б.], «*жүрегі болар-болмас бүлк ете түсті*» [13, 177 б.] т.с.с. Бұл авторға кейіпкердің эмоционалдық күйін сенімді түрде жеткізуге және оқырмандағы эмпатия әсерін күшейтуге мүмкіндік береді.

Қорқу [13, 12 б.], *сасу* [13, 14 б.], *шошу* [13, 15 б.], *абыржу* [13, 13 б.], *қиратылып қалу* [13, 13 б.], *қорқынышты көріну* [13, 25 б.], *ұрқу* [13, 32 б.], *қорыққандық* [13, 32 б.] т.б. сияқты лексикалық бірліктер «қорқу/ қорқыныш» субконцептін жеткізеді. Аталған субконцепт қорқыныш концептісінің негізгі құрамдас бөліктерінің бірі болып табылады.

және «Ақбілек» романында белсенді түрде белгіленеді. Көбінесе бұл эмоция басты кейіпкер – Ақбілек бойында туындайды. Әртүрлі зорлық-зомбылық, белгісіздік және әлеуметтік оқшаулану жағдайында оның тұрақты психоэмоционалды фонына айналады. Мәтінде берілген бүкіл эмоционалдық спектрді қарастыратын болсақ, қорқыныш сезімі басым болады. Бұл кейіпкердің ішкі драмасын да, әңгіме өрбіген тарихи және әлеуметтік-мәдени контексттің жалпы шиеленісін де көрсетеді.

Сондай-ақ қорқыныш концептісінің құрылымындағы маңызды субконцепт ретінде «үрей», «дүрбеленді» атап өтуімізге болады. Бұл эмоциялар сыртқы қысым жағдайында қалған басты кейіпкердің ішкі күйзелісі мен тұрақсыздығын көрсетеді. Ақбілек мінез-құлықтың тұрақты үлгісін таңдай алмайды, өйткені тап болған эмоционалдық күйзеліс ішкі факторларға қарағанда сыртқы факторларға байланысты туындап жатады. Атап айтқанда, бірінші кезекте – басқа кейіпкерлердің тарапынан көрсетілген физикалық және психологиялық зорлық-зомбылық. Осылайша, үрей мен дүрбелең жәбірленушінің бейнесін нығайта отырып, әлеуметтік және мәдени дағдарыс жағдайында әйелдердің қорғансыздығына баса назар аударады. Сонымен, қорқыныштың негізгі субконцептілерін және олардың мәтінде вербализациялануын келесідей көрсетуге болады (1-сызба):



Сызба 1 – «Ақбілек» романында «Қорқыныш» концептісінің вербализациялануы

«Қорқыныш» концептісін білдіретін фразеологизмдерге, синтагмаларға келесі мысалдарды келтіруге болады: *жүрегі зырқ ете түсу* [13, 9 б.], *ажал шықыр еткендей* [13, 9 б.], *құйқа тамыры шымыр ету* [13, 9 б.], *өлгенше қорқу* [13, 13 б.], *қызыл көзді пәле келе жатқандай* [13, 17 б.], *зәресі зәндемге кету* [13, 18 б.], *жүрегі сескену* [13, 19 б.], *көзі шарасынан шығу* [13, 28 б.], *жан шіркін көзге елестеп өту* [13, 20 б.], *тұла бойы шымыр ете түсу* [13, 25 б.], *дір етпеген жүрек қалмау* [13, 28 б.], *су жүрек болып қалу* [13, 28 б.], *жүрегі қысылып, өкпесі аузына тығылу* [13, 34 б.], *сұм жүрегі әлденені сезгендей болу* [13, 34 б.], *өне бойы қалшылдау* [13, 34 б.], *батылы бармау* [13, 36 б.], *қорыққанға қос көріну* [13, 36 б.], *жүрегі қобалжу* [13, 85 б.], *аяқ астынан аю шыға келгендей шошу* [13, 139 б.], *жүрегі су ете түсу* [13, 145 б.], *зәре зәр түбіне кету* [13, 147 б.] т.б. Романда ұсынылған көптеген фразеологиялық бірліктердің құрамында соматизмдер (дене мүше атаулары) бар. Бұл шынайы өмірде қорқыныш дененің физиологиялық реакциялары арқылы көрінетінімен түсіндіріледі, ал тіл адам тәжірибесінің көрінісі ретінде бұл құбылысты тұрақты тіркестерде тіркейді. Қазақ фразеологизмдерінде жиі кездесетін соматизмдердің бірі – *жүрек*. Мысалы: «*жүрегі зырқ ете түсті*» [13, 9 б.], «*жүрегі сескенейін деді*» [13, 19-20 б.], «*жүрегі аузына тығылып*» [13, 32 б.], «*жүрегі қысылып*» [13, 34 б.], «*жүрегінің астыңғы жағындағы бір нәзік қыл үзіліп кете жаздағандай болды*» [13, 57 б.] т.б. сияқты тілдік қолданыстар кенет үрейді, жүрек соғысын, есеңгіреткен күйді метафоралық түрде береді. Сонымен, көркемдік дискурстағы қорқынышты вербализациялауда соматизмдердің қолданылуы қабылдаудың тәндік және эмоционалдық деңгейлері арасындағы тығыз байланысты көрсетеді.

«Ақбілек» романындағы қорқыныш пен үрей кейіпкердің ішкі басынан кешкен оқиғалары немесе соматизмдері бар фразеологиялық бірліктер арқылы ғана емес, сонымен қатар табиғатты суреттеу, кейіпкердің кеңістіктік позициясы арқылы беріледі. Көркем мәтінде пейзаж мен қоршаған орта көбінесе эмоционалды күйдің айқын белгісі ретінде әрекет етеді. Жабық, шектеулі кеңістік (апан, қараңғы дала, қос, тау арасы) жаттықты, қауіпті бейнелейді және алаңдаушылық сезімін арттырады. «Ақбілек» романындағы қорқыныш сезімін вербализациялаудың ең бір жарқын эпизодының бірі – үш ақ сарбаздың ауылға шабуылы кезінде бас кейіпкердің апанда тығылған сәті. «Қолдары сылқ ете түсті, аяғы тайғанап кетті, сырғанап түпсіз зынданға түсіп бара жатқандай көрінді.<...> Апан көр сияқтанды. <...> Ақбілек бала қамаған лаққа ұқсап, апанды айнала жүгіріп, өкпесін соққан торғайдай торға ілінді» [13, 9-10 бб.]. Бұл үзіндіде апан физикалық пана ретінде ғана емес, сонымен қатар үмітсіздік, оқшаулану және эмоционалды паралич метафорасы ретінде қызмет атқарады. Кеңістік символдық мәнге ие болады: ол жабық, қараңғы, одан шығу қиын. Апан кейіпкердің ішкі түрмесі сияқты психикалық қорқыныш, қорғансыздық күйін көрсетеді. Кейіпкер сыртқы әлемде не болып жатқанын өз көзімен

көрмейді, оған еш әсер ете алмайды және оның қорқынышы белгісіздіктен күшейеді: ол тек тыңдауға, қауіпті хабарлайтын дыбыстарды тыңдауға мәжбүр болады. Осылайша шектеулі кеңістік, сенсорлық оқшаулану және дене реакциялары арқылы Ж. Аймауытов психологизм әдістерін пайдалана отырып, кейіпкердің басынан кешкен оқиғаларын барынша қанық суреттейді. Бұл кейіпкер санасындағы қорқыныштың эмоционалдық моделін реконструкциялаумен қатар, эмпатияны оятуға мүмкіндік береді.

«Ақбілек» романында кейіпкерге қасқырлар шабуыл жасайтын эпизод бар. Қауіпті жағдайда жалғыз қалған бас кейіпкер отпен қорғанады. А. Ахметованың пікірінше, бұндағы қасқырлар – елес: «Автор осы тұста екі тіршілік иесіне қорқыныш тудыратын деректі және дерексіз затты сәтті, үйлестіре және салыстыру арқылы көрсетеді. Сонда адамды қараңғы кеңістікте және жалғыз қалғанда қорқыныш сезімі билейді, ал аң(дар) керісінше жарықтан қорқады» [13]. Қорқыныш ақиқатпен байланысын жоғалту шегінде аффект күйіне айналады. Қасқырлармен шайқас шынымен болып жатыр ма, әлде стресстен, психикалық соққыдан туындаған галлюцинация ма – оқырманға нақты жауап берілмейді. Автор сананың бұлыңғыр, шекаралық күйін бұлдыр бейнелер, үзік-үзік сипаттамалар арқылы жеткізеді. Қазақ тіл әлемінде қасқыр қой, қоян, ит образдарымен қатар келгенде «жақсылық» пен «жамандық» дихотомиясын құрайды, сондай-ақ қасқыр бейнесі жағымсыз, негативті әрекетпен байланыстырылады [14, 77 б.]. Қазақ мәдениетінде қасқырды кездестіру көбінесе жалғыздық, даладағы шарасыздық, көмек ала алмау сияқты құбылыстармен байланысты. Сол себепті бір ұя қасқырдың шабуылы сипатталған сәтте «Қорғансыздық» концептісі де беріледі.

«Ақбілек» романында лексика-семантикалық құралдармен қатар, «Қорқыныш» концептісі синтаксистік деңгейде, атап айтқанда «<баяндауыш> деп, <баяндауыш>» түріндегі құрылым арқылы белсенді түрде вербалданады. Бұл құрылым іс-әрекеттің қорқыныш немесе үрей әсерінен жасалатынын көрсете отырып, іс-әрекет сәтіндегі кейіпкердің ішкі күйін жеткізу қызметін атқарады. Мысалы: «не болар екен деп, арт жағында тұрғанда...» [13, 20 б.], «Сорлы қызымды өлтіріп тастады ма, әлде не қылды?... деп, әкесі не ғып жаны шыдап отыр екен?...» [13, 22 б.], «масқара боп жүрмейін деп, сығырайып бара жатқан көздерін ашып алады» [13, 40 б.], «... бір жерімнен мүлт кете ме деп, сақтанушы еді» [13, 95 б.] т.б. Көбінесе «қорқу» мағыналы етістіктер қатар келеді.

Қорқыныш дәрменсіздікті тудырады, шарасыздық қорқынышты күшейтеді, сондықтан «Қорқыныш» пен «Қорғансыздық» концептілерінде лексикалық қабаттасу жиі байқалады. «Қорқыныш» пен «Қорғансыздық» ұғымдарының тілдік номинацияларын дербес лексика-семантикалық топтар ретінде қарастыратын болсақ, «Ақбілек» романында қорқыныш концептісінің сандық және сапалық жағынан айқын басым екенін атап өтуге болады (1-кесте).

Кесте 1. «Қорқыныш» пен «Қорғансыздық» концептілерін сипаттайтын лексикалық бірліктер

«Қорқыныш»		«Қорғансыздық»	
қорқу	22	сорлы	21
сасу	17	байғұс	17
шошу	12	екі көзі мөлдіреу	7
ұрку	8	бұғу	7
үрейлену	7	амалсыз	4
сасқалақтау	4	қорлану	3
елегізу	3	жетім	2
сескену	2	жападан жалғыз	1
зәресі жоқ	2	жетімдік	1
тайсалу	2	бейшара	1
көзі шарасынан шығу	2	ар-ұяты төгілу	1
қауіптену	2	адамшылығы жойылу	1
жүрегі аузына тығылу	2	жыламсырап жүру	1
үрейлі	2	қорғансыздық	1
жүрегі дүрсілдеу	2	қорғансыз	1
қорқақтық	1	шарасыз	1
қорқынышты көріну	1	дәрмен жоқ	1
қорқақ	1	лажсыз	1
абыржу	1	ырқына көну	1
жүрексіну	1	көп ит анталаған бұралқы күшіктей	1
өкпесі аузына тығылу	1	торға түскен қаршығадай	1
жүрегі қобалжу	1	бала қамаған лаққа ұқсау	1
зәресі кету	1	өкпесін соққан торғайдай торға іліну	1
зәре зәр түбіне кету	1	адасқан қаздай	1
зәресі зәндемге кету	1	жапанда жалғыз қалған	1
қауіпсіну	1		
жүрегі қаттырақ соғу	1		
жүрегі алып-ұшу	1		
жүрегі дүрсіл қағу	1		
жүрегі су ете түсу	1		
жүрегі лүпілдеу	1		
жүрегі зырқ ете түсу	1		
жүрегі дүрсілдеу	1		
зәресі зәндемге кету	1		
құйқа тамыры шымыр ету	1		
жүрексіну	1		
жүрек дүрсілі	1		
батылы бармау	1		
айбыну	1		
қалишып қалу	1		
дір ету	1		
су жүрек болу	1		

Қорқынышты сипаттайтын лексикалық бірліктер көп тіркелген. Мәселен, түбір негізінде қорқ- етістігі жатқан 25 сөз қолданылған.

Қорғансыздық түсінігі кейіпкердің әрекетке қабілетсіздігі, ерік-жігерінің жоғалуы, жағдайға бағыну сынды контекстік белгілер арқылы вербалданады. Осылайша «Қорқыныш» концептісі басым болып көрінеді, ал қорғансыздық қорқыныштың кең когнитивтік құрылымына енгізілген семантикалық құрамдас компонент ретінде әрекет етеді. Бұл жиілік жан-жақты сипаттауды және көркем мәтінде тұрақты тілдік таңбалануды талап ететін динамикалық және ұзаққа созылған эмоция ретіндегі қорқыныштың табиғатымен түсіндіріледі. Автор психологизм әдістерін қолдана отырып, осы күйді егжей-тегжейлі сипаттауға тырысады. Нәтижесінде мәтінде қорқынышты білдіретін лексикалық бірліктер көп қолданылады. Дегенмен романды концептуалды-сюжеттік тұтастық ретінде алсақ, «Қорғансыздық» концептісінің орны мен рөлі жоғары екені аңғарылады. Басты кейіпкер қорқынышқа бой беріп, сыртқы жағдайларға үнемі бағыну жағдайында болады, оларға қарсы тұра алмайды. Шарасыздық экзистенциалды күй ретінде мәтіннің өн бойында көрініс береді, кейіпкерді зорлық-зомбылық, оқшаулану және әлеуметтік шектеулер жағдайында пассивті фигураға айналдырады. Романның соңында ғана белсенділікке қарай бетбұрыс байқалады (Ақбілектің білім алып, сауаттылығын жоғарлатуы; жаңа мәдени парадигманы қабылдауы; жеке өміріне қатысты шешімдерді қабылдай бастауы т.с.с.), бірақ шығарма мәтінінің басым бөлігінде қорғансыздық күйі кейіпкердің эмоционалдық және танымдық динамикасын анықтайды.

Қорыта айтқанда, Ж. Аймауытовтың «Ақбілек» романы – ХХ ғасырдағы қазақ әдебиетіндегі қорқыныш тақырыбы терең тұлғалық, сонымен бірге ұжымдық түсінік алған алғашқы көркем шығармалардың бірі. Мәтіндегі қорқыныштың вербалдануы эксплицитті және имплицитті тілдік құралдар жүйесі арқылы жүзеге асады. Эксплицитті құралдар («қорқынышты» білдіретін лексикалық бірліктер) кейіпкердің эмоционалдық күйін тікелей көрсетеді; имплицитті (метафоралар, табиғаттың суреттемелері, психологизм әдістері, синтаксистік конструкциялар) үрей, белгісіздік және ішкі шиеленіс атмосферасын құрай отырып, қорқыныштың күрделі және терең бейнесін жасайды.

Қорытынды

Жүргізілген талдау Жүсіпбек Аймауытовтың «Ақбілек» романында «Қорқыныш» концептісінің басты орын алатынын, баяндаудың эмоционалдық фоны болуымен қатар, бас кейіпкердің психологиялық портретін қалыптастырудағы негізгі элемент қызметін атқаратынын көрсетті. Бұл концептінің вербалдануы кең ауқымды тілдік құралдар арқылы жүзеге асады, атап айтқанда: лексикалық бірліктер, синтаксистік құрылымдар, психологизм элементтері, табиғат пен кеңістік символизмі. Қорқыныш уақыт өте келе жалғасатын, қарқындылығы өзгертін және кейіпкердің мінез-құлқы мен қабылдауына әсер ететін эмоция ретінде көрініс табады.

«Ақбілек» романындағы «Қорқыныш» күрделі когнитивтік-эмоционалдық концепция ретінде беріліп, оның ішінде бірқатар субконцептілер (қорқыныш, үрей, діріл, қорғансыздық) әр түрлі тілдік, баяндау құралдары арқылы белгіленеді. Роман мәтінінде қорқыныш күйін білдіретін тілдік бірліктердің молдығы оқиға желісінің ерекшелігіне байланысты. Басты кейіпкері қорғансыз әйел (Ақбілек) көзқарасы әңгіменің эмоционалдық әсерін күшейтеді. Әлеуметтік-мәдени дағдарыс жағдайында әйелдің осалдығы, әрекет ету қабілетінің жоқтығы, үнемі зорлық-зомбылық объектісі позициясында болуы – мұның бәрі қорқыныштың кейіпкердің ішкі әлемін дамытудың іргелі механизміне, демек, бүкіл шығарманың негізгі концептілерінің біріне айналдырады.

Қаржыландыру туралы ақпарат

Мақала 2025-2027 жылдарға арналған АР27511079 «Қазақ тілін оқытудың жаңа тенденциялары: көркем мәтіндерді бейімдеу қағидаттары және танымдық комикстер құрастыру әдіснамасын зерттеу» атты ҚРҒЖБМ гранттық қаржыландыруымен жүзеге асырып жатқан жоба аясында жазылған.

ӘДЕБИЕТ

[1] Кожухметова А.С. К вопросу о сопоставлении репрезентаций метафорических (суб)моделей в разных языках (на примере модели «эмоция – живое существо») // Известия КазУМОиМЯ им. Абылай хана. Серия «Филологические науки». – 2025. – № 2 (77). – С. 151-167.

[2] Ислам А. Тіл мен ойлаудың екі жақты бірлігі танымдық ғылымында // Тілтаным. – 2003. – № 2. – Б. 70-74.

[3] Шоқым Г.Т., Буранкулова Ә.Т., Мұратбек Б.Қ. «Қыз» гендерлік концептісінің этномәдени ерекшеліктері (қазақ, башқұрт, татар тілдері материалдары негізінде) // Абылай хан атындағы ҚазХҚ және ӘТУ Хабаршысы. «Филология ғылымдары» сериясы. – 2024. – № 4 (75). – Б. 289-304.

[4] Шахманова Г.Ш. Концепт – когнитивтік лингвистиканың негізгі бірлігі // Ш. Уәлиханов атындағы КУ хабаршысы. Филология сериясы. – 2022. – № 1. – Б. 36-42.

[5] Қазақ әдеби тілінің сөздігі: он бес томдық / Құраст.: М. Малбақов, Н. Оңғарбаева, А. Үдербаев. – Т. 10. Қ-М. – Алматы: Арыс, 2009. – 750 б.

[6] Ryspayeva D., Akhmetova G., Kairat G., Iskakova G., Aidana A. lexical means of nomination of the emotional concept «fear» in Kazakh and English languages // Proceedings of ADVED 2021 – 7th International Conference on Advances in Education 18-19 October, 2021. – 2021. – P. 153-158.

[7] Изард Э.К. Эмоции человека. – Москва: Издательство Московского университета, 1980. – 440 с.

[8] Кириллова Н.В. Концептуализация страха в разноструктурных

языках: автореф. дис. ... канд. филол. наук: 10.02.20 / Н.В. Кириллова. – Чебоксары: Чуваш. гос. ун-т им. И.Н. Ульянова, 2007. – 30 с.

[9] Карасик В.И. Языковый круг: личность, концепты, дискурс: монография. – 2-е изд. – Москва: Гнозис, 2004. – 390 с.

[10] Попова З.Д., Стернин И.А. Когнитивная лингвистика. – Москва: АСТ, Восток-Запад, 2007. – 315 с.

[11] Борсиова С.А. Страшный рай «Жития Василия Нового» // *Studia Litterarum*. – 2022. – Vol. 7 №1. – С. 202-215.

[12] Arroyo-Barrigüete J.L. Sentiment analysis of Lovecraft's fiction writings // *Heliyon*. – 2023. – №9. – P. 1-12.

[13] Аймауытов Ж. Бес томдық шығармалар жинағы. – Екінші том. Романдары. – Алматы: Жібек жолы, 2003. – 312 б.

[14] Ахметова А. «Ақбілек» романы – қазақ әдебиетінің ренессанс кезеңінің көрінісі // Әдебиет порталы. – 23 мамыр, 2023. https://adebiportal.kz/kz/news/view/aqbilek-romany-qazaq-adebietinin-renessans-kezeninin-korinisi_24633 25.06.2025

[15] Ordabekova Kh., Tulepova S., Zholshayeva M., Kurkebayev K. The Concept «Wolf» in Kazakh Language: Traditional Conceptualisations // *Journal of Language and Cultural Education*. – 2022. – № 10 (2). – P. 73-83.

REFERENCES

[1] Kozhahmetova A.S. K voprosu o sopostavlenii reprezentacij metaforicheskikh (sub)modelej v raznyh yazykah (na primere modeli «emociya – zhivoe sushchestvo») [On the issue of comparing representations of metaphorical (sub)models in different languages (using the example of the «emotion – living being» model)] // *Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL. Series «Philological sciences»*. – 2025. – № 2 (77). – S. 151-167. [in Rus.]

[2] Islam A. Til men ojlaudyng eki zhaqty birligi tanymdyq gylymynda [The two-way unity of language and thought in cognitive science] // *Tiltanym*. – 2003. – № 2. – B. 70-74. [in Kaz.]

[3] Shokym G.T., Burankulova E.T., Muratbek B.K. «Qyz» genderlik konceptisining etnomadeni erekshelekteri (qazaq, bashqurt, tatar tilderi materialdary negizinde) [Ethnocultural features of the gender concept «kyz» (based on the Kazakh, Bashkir, Tatar languages)] // *Bulletin of Ablai Khan KazUIR and WL. Series «Philological sciences»*. – № 4 (75). – B. 289-304. [in Kaz.]

[4] Shahmanova G.Sh. Konsept – kognitivtik lingvistikaning negizgi birligi [Concept as the basic unit of cognitive linguistics] // Sh. Ualihanov atyndagy KU habarshysy. Filologiya seriyasy. – 2022. – № 1. – B. 36-42. [in Kaz.]

[5] Qazaq adebi tilining sozdigi: on bes tomdyq [Dictionary of the Kazakh literary language: fifteen volumes] / M. Malbaqov, N. Ongarbaeva, A. Yderbaev. – Vol. 10. Q-M. – Almaty: Arys, 2009. – 750 p. [in Kaz.]

[6] Ryspayeva D., Akhmetova G., Kairat G., Iskakova G., Aidana A. lexical means of nomination of the emotional concept «fear» in Kazakh and English languages // Proceedings of ADVED 2021 – 7th International Conference on Advances in Education 18-19 October, 2021. – 2021. – P. 153-158.

[7] Izard E.K. Emocii cheloveka [Human emotions]. – Moskva: Izdatel'stvo Moskovskogo universiteta, 1980. – 440 s. [in Rus.]

[8] Kirillova N.V. Konceptualizaciya straha v raznostrukturnykh yazykah: avtoref. dis. ... kand. filol. nauk: 10.02.20 [Conceptualization of fear in languages with different structures: author's abstract. diss. ... candidate of philological sciences] / N.V. Kirillova. – Cheboksary: Chuvash. gos. un-t im. I.N. Ul'yanova, 2007. – 30 s. [in Rus.]

[9] Karasik V.I. Yazykovyj krug: lichnost', koncepty, diskurs: monografiya [Language circle: personality, concepts, discourse: monograph]. – Vol. 2. – Moscow: Gnozis, 2004. – 390 s. [in Rus.]

[10] Popova Z.D., Sternin I.A. Kognitivnaya lingvistika [Cognitive linguistics]. – Moskva: AST, Vostok-Zapad, 2007. – 315 s. [in Rus.]

[11] Borisova S.A. Strashnyj raj «Zhitiya Vasiliya Novogo» [The Terrible Paradise of the «Zhitie Vasiliya Novogo»] // Studia Litterarum. – 2022. – Vol. 7 №1. – S. 202-215. [in Rus.]

[12] Arroyo-Barrigüete J.L. Sentiment analysis of Lovecraft's fiction writings // Heliyon. – 2023. – №9. – P. 1-12.

[13] Ajmauytov Zh. Bes tomdyq shygarmalar zhinagy [A collection of five volumes]. – Vol. 2. Romandary [Novels]. – Almaty: Zhibek zholy, 2003. – 312 b. [in Kaz.]

[14] Ahmetova A. «Aqbilek» romany – qazaq adebietining renessans kezengining korinisi [The novel «Akbilek» is a reflection of the Renaissance period of Kazakh literature] // Adebiet portaly. – 23 мамыр, 2023. https://adebiportal.kz/kz/news/view/aqbilek-romany-qazaq-adebietinin-renessans-kezeninin-korinisi__24633 25.06.2025 [in Kaz.]

[15] Ordabekova Kh., Tulepova S., Zholshayeva M., Kurkebayev K. The Concept «Wolf» in Kazakh Language: Traditional Conceptualisations // Journal of Language and Cultural Education. – 2022. – № 10 (2). – P. 73-83.

ВЕРБАЛИЗАЦИЯ КОНЦЕПТОВ «СТРАХ» И «УЯЗВИМОСТЬ» В РОМАНЕ «АКБИЛЕК» Ж. АЙМАУТОВА

Искакова Г.Ж.¹, *Тансықбай А.К.², Төлеутаева А.Ғ.³, Шарипов Р.Х.⁴

^{1,*2,3,4} Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова
Кокшетау, Казахстан

Аннотация. Изучение проявления психических процессов человека посредством языка – одно из актуальных направлений в лингвистике. В этом контексте особое значение приобретает изучение эмоциональных концептов, отражающих внутренний мир личности и её отношение к действительности.

Среди них особое место занимает концепт «Страх», поскольку он является одной из основных, универсальных эмоций, возникающих в ситуациях опасности, насилия, неопределённости и социальной нестабильности.

Актуальность данного исследования обусловлена необходимостью выявления и описания языковых механизмов вербализации страха и определение его роли в художественном тексте. Роман Жусупбек Аймаутова «Ақбілек» представляет собой ценный материал для такого исследования. Это одно из первых произведений в казахской прозе, где активно используется метод психологизма, раскрывающий внутренний мир героя через эмоционально-когнитивные состояния. Изучение концептов «Страх» и «Уязвимость» в рамках данного романа не только обогащает понимание казахской литературной традиции, но и способствует развитию лингвокогнитивного анализа художественного дискурса. В данной статье рассматривается вербализация эмоциональных концептов «Страх» и «Уязвимость» в романе с точки зрения когнитивно-дискурсивного анализа. В исследовании использовался комплекс методов, включающий когнитивно-дискурсивный, контекстуальный, семантический и статистический анализ.

В результате анализа были выделены такие субконцепты страха, как «тревога/ волнение», «страх», «шок/испуг», «тревога» и «уязвимость», и показаны их лингвистические особенности. Установлено, что вербализация страха в тексте осуществляется посредством системы эксплицитных и имплицитных языковых средств.

Несмотря на численное доминирование лексем, присущих концепту «Страх», «Уязвимость» была признана основным концептом, формирующим семантический и сюжетный пласт произведения. Уязвимость в данном контексте проявляется не только как эмоциональное состояние, но и как экзистенциальное переживание, определяющее поведение персонажа на протяжении всего текста.

Предлагаемое исследование обогащает базу данных по концептуальному анализу произведений казахской литературы начала XX века. Результаты исследования могут быть использованы в междисциплинарных и сопоставительных работах, связанных с изучением вербализации эмоциональных концептов в разных языках и культурах.

Ключевые слова: концепт, вербализация, страх, уязвимость, роман «Ақбілек», психологизм, тревога, лексика

VERBALIZATION OF THE CONCEPTS OF «FEAR» AND «VULNERABILITY» IN ZH. AIMAUTOV'S AQBILEK

Iskakova G.Zh.¹, *Tangsyqbaev A.Q.², Toleutaeva A.G.³, Sharipov R.H.⁴

^{1,*2,3,4} Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan

Abstract. The study of the manifestation of human mental processes through language is one of the current areas of linguistic research. In this context,

the study of emotional concepts that reflect the inner world of the individual and their attitude toward reality is of particular importance. Among these, the concept of fear occupies a special place, as it represents one of the basic and universal emotions that arise in situations of danger, violence, uncertainty, and social instability. The relevance of this study lies in the need to identify and describe the linguistic mechanisms of the verbalization of fear and to determine its role in a literary text. Zhusupbek Aimaurov's novel «Aqbilek» provides valuable material for such a study. It is one of the first works in Kazakh prose in which the method of psychologism is actively employed, revealing the inner world of the protagonist through emotional and cognitive states.

This article examines the verbalization of the emotional concepts of fear and vulnerability in the novel from the perspective of cognitive-discursive analysis. The study applies a set of methods, including cognitive-discursive, contextual, semantic, and statistical analysis.

The analysis identified subconcepts of fear, including anxiety, shock, unease, and vulnerability, and showed that their verbalization is achieved through explicit and implicit linguistic means.

Despite the numerical dominance of lexemes associated with the concept of fear, vulnerability was recognized as the central concept shaping the semantic and narrative structure of the work. In this context, vulnerability manifests itself not only as an emotional state but also as an existential experience that determines the character's behavior throughout the text.

The present study expands the database on the conceptual analysis of early twentieth-century Kazakh literary works. Its findings can be applied in interdisciplinary and comparative research on the verbalization of emotional concepts across languages and cultures.

Keywords: concept, verbalization, fear, vulnerability, the novel «Aqbilek», psychologism, anxiety, lexis

Мақала түсті / Статья поступила / Received: 08.09.2025.

Жариялауға қабылданды / Принята к публикации / Accepted: 25.12.2025.

Авторлар туралы мәлімет:

Искакова Гулгул Женисовна – PhD, қауымдастырылған профессор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0002-8631-7169>, e-mail: g.ristina@mail.ru

Таңсықбай Әділет Қыдырбекұлы – PhD, лектор, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан, <https://orcid.org/0000-0001-9929-1685>, e-mail: adilet_2_97@mail.ru

Төлеутаева Аия Ғабитқызы – магистрант, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университеті, Көкшетау, Қазақстан, e-mail: aiya@student@mail.ru

Шарипов Рустем Хасенович – педагогика ғылымдарының магистрі, лектор ассистенті, Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау университет,

Көкшетау, Қазақстан, <https://orcid.org/0009-0000-1189-7499>, e-mail: ruseni78@mail.ru

Информация об авторах:

Искакова Гулгул Женисовна – PhD, ассоциированный профессор, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0002-8631-7169>, e-mail: g.ristina@mail.ru

Тансыкбай Адилет Кыдырбекулы – PhD, лектор, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан, <https://orcid.org/0000-0001-9929-1685>, e-mail: adilet_2_97@mail.ru

Толеутаева Аия Габиткызы – магистрант, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, Казахстан, e-mail: aiyastudent@mail.ru

Шарипов Рустем Хасенович – магистр педагогических наук, ассистент лектора, Кокшетауский университет имени Ш. Уалиханова, Кокшетау, <https://orcid.org/0009-0000-1189-7499>, e-mail: ruseni78@mail.ru

Information about the authors:

Iskakova Gulgul Zhenisovna – PhD, Associate Professor, Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan <https://orcid.org/0000-0002-8631-7169>, e-mail: g.ristina@mail.ru

Tangsyqbai Adilet Qydyrbekuly – PhD, Lecturer, Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan, <https://orcid.org/0000-0001-9929-1685>, e-mail: adilet_2_97@mail.ru

Toleutaeva Aiya Gabitqyzy – master’s student, Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan, e-mail: aiyastudent@mail.ru

Sharipov Rustem Khasenovich – Master of Pedagogical Sciences, Assistant Lecturer, Shokan Ualikhanov Kokshetau University, Kokshetau, Kazakhstan, <https://orcid.org/0009-0000-1189-7499>, e-mail: ruseni78@mail.ru